

"Білім беру ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ақылы негізде ұсынуына арналған үлгі шарттың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы № 21 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 шілдедегі № 253 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім беру ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ақылы негізде ұсынуына арналған үлгі шарттың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы № 21 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5136 нөмірмен тіркелген, «Юридическая газета» газетінің 2008 жылғы 3 желтоқсандағы № 184 (1584) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қаржы және инвестициялық жобалар департаменті (Т.А. Нұрғожаева) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін;

2) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі М.К. Орынхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Б.Жұмағұлов